

БӨЛІМ: ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ

Неліктен Александр Македонский скифтерді бағындыра алмады?

ЖАРИЯЛАНДЫ
16.01.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/67090/>

Сабақ жоспары

Мектебі: Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Мичурин ауылы,
«Мичурин жалпы орта білім беретін «мектеп-балабақша» кешені» КММ

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:

ЗВ: Ежелгі Грекия

Сабақ тақырыбы: Неліктен Александр Македонский скифтерді бағындыра алмады?

Күні: 24.05.2018 Мұғалімнің аты-жөні: Хаируллина Алмагул Орынғалиевна

Сыныбы: 5 Қатысқандар: Қатыспағандар:

Осы сабаққа негізделген оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) 5.3.2.1 ежелгі дәуірдегі мемлекеттердің қарым-қатынастарын сипаттау үшін «империя» сөзін білу және қолдану

5.3.2.2 жаулап алу соғыстары мен империялардың пайда болуы мемлекеттердің шекараларын қалай өзгерткенін түсіндіру

Сабақтың мақсаттары: Барлық оқушылар:

□ Александр Македонский империясы мен скифтердің арасындағы қарым-қатынасты анықтайды және империя ұғымын түсінеді.

Оқушылардың басым бөлігі:

□ Александр Македонскийдің скифтерге қарсы басқыншылық шапқыншылықтарының себептерін анықтай отырып, империялардың пайда болуын түсіндіреді.

Кейбір оқушылар:

□ Александр Македонскийді тұлға ретінде сипаттап, әрекетіне баға беріп тұжырым жасайды.

Ойлау дағдыларының деңгейлері Білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау.

Тарихи концепт Себеп-салдар: Мемлекеттердің арасында болған соғыстың себебін анықтайды.

Интерпретация: Оқушылар Александр Македонскийге ғалымдардың көзқарастары арқылы өз ойларын тұжырымап қорытындылайды.

Бағалау критерийлері □ Оқушылар Александр Македонский империясы мен скифтердің

арасындағы қарым-қатынасын, империя ұғымын берілген ақпараттан оқи отырып, түсінеді.

□ Оқушылар Александр Македонский мен скифтердің арасында болған соғыстардың себебін анықтап, орнын картадан белгіліп көрсетеді.

□ Оқушылар Александр Македонскийді тұлға ретінде сипаттама беріп, ғалымдардың көзқарасына тұжырымдама жасайды.

Тілдік мақсаттар Пәндік лексика мен терминология:

Фаланга, монархия, Архелай, империя, скифтер.

Диалогқа /жазылымға қажетті сөзтіркестері:

«Кім не білді?» әдісі арқылы жүзеге асады.

Македонияны біріктерген алғашқы патша кім?

Ежелі мемлекеттер не үшін соғысты?

Скифтер дегеніміз кімдер?

Соғыс кімдердің арасында болды?

Бір адамның билігі дегеніміз не?

Соғыстың нәтижесі қандай болды?

Құндылықтарға баулу Толеранттылық сананы қалыптастыру;

Патриоттыққа баулу;

Өзгелердің тарихына құрметпен қарау;

Сыни ойлау дағдыларын дамыту;

Адамгершілік пен ынтымақтастық ортаны қалыптастыру.

Пәнаралық байланыс Қазақстан тарихы, қазақ тілі

АКТ қолдану Слайд, презентация, дыбыстық бейне

Алдыңғы білім «Бастапқы сұрақ, кейінгі әрекет» әдісі.

Сабақ барысы

Жоспарланған уақыт

Жалпы 40 мин Жоспарланған әрекеттер Ресурстар

Сабақтың басы

Ұйымдастыру сәті

Психологиялық ахуал

2 мин

2 мин.

2 мин. — Сәлеметсіздер ме, балалар!

— Көл күйлеріңіз қалай?

— Жақсы, балалар, тақтаға назар аударып, бірге жұмыстанайық.

— Егер, сіз мектепке көтеріңкі көңіл күймен келсеңіз, оң қолыңызды үш рет сілкіңіз.

— Егер, сіз мектепті білім ошағы деп қастерлесеніз сол қолыңызды үш рет сілкіңіз.

— Егер сіз халықты ұлтына қарай бөлмей әр ұлттың тарихы құнды десеңіз екі

қолыңызды алға созыңыз.

— Өзге елдің тарихын оқып білемін, құрметтеймін бірақ өз елімнің тарихын мақтан тұтамын десеңіз екі қолыңызды жоғары көтеріңіз.

— Егер еліміздің ертеңгі болашағы біздің қолымызда десеңіз қол ұстасыңыз.

— Жақсы, балалар, керемет сабақ бойы өзіміз айтқан сөздерімізді естен шығармай жұмыстанамыз деп ойлаймын.

— «Бастапқы сұрақ, кейінгі әрекет» әдісі арқылы жүзеге асады

— Балалар, Спарта патшалары кімдердің шешіміне бағынды? Жауабын айтқан оқушы

— сыныпқа сұрақ қояды қояды.

Қалыптастырушы бағалау

«Жарайсың!», «Керемет!», «Өте жақсы!»

— Жақсы балалар, назар аударып, тыңдайық. Аттың дүбірі естілетін дыбыс қосылады

— Балалар, не естідік? (оқушылар тарапынан әр түрлі жауап болуы мүмкін)

— Бұл дыбыстар қандай кезде естілуі мүмкін?

— Дұрыс айтасыз шапқыншылық кезінде көп аттардың шабысының дауысы осылай естіледі екен.

— Жақсы, балалар, олай болса бүгінгі сабағымыздың тақырыбы әлем тарихында ерекше орын алатын тұлға Александр Македонский жөнінде болмақ.

Оқушылар дәптерлеріне бүгінгі сабақтың тақырыбын жазады. Презентацияда жазулы тұрады

Сабақтың ортасы жалпы 23 мин

5 минут

3 минут

3 минут

1 минут

8 минут

3 минут — Жақсы, балалар, берілген мәтінмен танысайық. (Оқушылар мәтінмен жұмыстанады)

— Оқушылардың жаңа мәтінмен танысады.

1.Тапсырма. /Айтылым, тыңдалым, жазылым/ дағдылары

Жеке жұмыс: «Кім не білді?» әдісі арқылы жүзеге асады.

— Македонияны біріктерген алғашқы патша кім?

— Ежелі мемлекеттер не үшін соғысты?

— Соғыс кімдердің арасында болды?

— Бір адамның билігі дегеніміз не?

— Скифтер дегеніміз кімдер?

— Александр Македонский империясы мен скифтерді не байланыстырды?

— Соғыстың нәтижесі қандай болды?

— Жақсы, балалар, сіздің жауаптарыңызда айтылған сөздер бізге бұрыннан таныс па?

Дескриптор: Білім алушы

1. Оқушылар тақырып бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.

2. Жаңа сөздерді айта алады.

3. Жаңа сөздерді тақтаға, дәптерге жазады.

4. Александр Македонский империясы мен скифтерді не байланыстырғанын біледі.

«Ойлан, жұптас, бөліс!» (жұптық тапсырма)

Картамен жұмыс.

2.Тапсырма

Картаны пайдаланып Александр Македонский мен скифтердің арасында болған соғыстардың себебін анықтап, жаулап алуы нәтижесінде картада болған өзгерістерге талдау жасаңыз.

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

Дескриптор: Білім алушы

Александр Македонский мен скифтердің арасында болған соғыстардың себебін анықтайды.

— Александр Македонскийдің жаулап алуы нәтижесінде пайда болған өзгерістерді картадан көрсетеді.

Қалыптастырушы бағалау:

Жақсы, балалар, енді отырған қатар бойынша топтасайық

I –қатар- I топ

II –қатар- II топ

III- қатар- III топ

Суретті пайдалана отырып, Александр Македонскийге сипаттама беріңіз.

Дескриптор: Білім алушы

1. Суретті сипаттай алады.

Жеке жұмыс.Қосымша мәлімет арқылы ғалымдардың әр түрлі көзқарасына баға беру.

Дескриптор: Білім алушы

1. Ақпаратты түсінеді.

2. Ғалымдардың әр түрлі көзқарасына баға береді.

Қалыптастырушы бағалау

Сабақтың соңы

3 минут

«Бір сөйлеммен қорытындыла» әдісі

Кім?

Қашан?

Қайда?

Не үшін?

Қалай?

Рефлексия 2 мин Бүгін менүйрендім.

Менітаңқалдырды.

Бүгін.....маған қиын болды.

Қосымша ақпарат, ғаламтор, баспасөз деректері

Сабақ барысында мақсат бойынша, қарым-қатынас бойынша, диалог бойынша,ресурс бойынша, оқушыға жеке қолдау көрсету саралаулары бойынша саралау жүргізілді.

Топтық, жұптық жұмыстар арқылы өзара қолдау жүзеге асырылады. «Бортты журнал», «Ментальдық карта», «Көрнекіліктер стратегиясы», «Болжау кестесі» әдістері арқылы зерттеу сұрақтарын жүргізуді және шешімдерін табуды ұсындым.

Әдіс-тәсілдерге тілім дағдыларының қалыптасуын дамыттым.

2.Оқушылардың білімін саралау мақсатында ізденіс, зерттеушілік, дәйектер келтіру дағдыларын дамытуды мақсат еттім. Бағалау – сабақ барысында қолданылған бағалау

түрлері: «Мадақтау», «Бағдаршам», «Екі жұлдыз, бір тілек» , «Басбармақ», «Бессаусақ» әдісі.

Денсаулық сақтау технологиясы бойынша: «би терапиясы» жаттығуы жасалды.

1.Топтық, жеке жұмыстар арқылы өзара қолдау, көмек көрсету жүзеге асырылады.

Сабақ/оқу мақсаттары мен міндеттері орындалды ма?

Бүгін оқушылар не білді?

Сабақ қалай, қандай деңгейде өтті? Жоспарлаған шаралар тиімді болды ма?

Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе?

Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?

Қорытынды бағамдау

Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1:

2:

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1:

2:

Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды

Жетілдіруге көмектесетін не білдім?

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.